



құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 38-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мына редакцияда жазылсын:  
«Заңды тұлға белгілі бір атаумен Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізіледі.»;

2) 39-баптың 3-тармағы мына редакцияда жазылсын:  
«3. Үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста заңды тұлғаның өзінің нақты мекенжайының Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген мекенжайға сәйкес келмейтініне сілтеме жасауға құқығы жоқ. Бұл ретте үшінші тұлғалар заңды тұлғаға Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген мекенжайына да, нақты мекенжайына да пошталық және өзге хат-хабарлар жіберуге құқылы.»;

3) 42-бапта:

2-тармақ мына редакцияда жазылсын:  
«2. Мемлекеттік тіркеу деректері, соның ішінде заңды тұлғалардың атауы, ал коммерциялық ұйымдар үшін – фирмалық атауы Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізіледі.»;

6-тармақтың үшінші бөлігі алып тасталсын;

4) 45-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мына редакцияда жазылсын:  
«Заңды тұлға оған екінші бір заңды тұлғаны қосу жолымен қайта ұйымдастырылған кезде қосылған заңды тұлға қызметінің тоқтатылғандығы туралы мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген сәттен бастап олардың біріншісі қайта ұйымдастырылды деп есептеледі.»;

5) 48-баптың 1-тармағы мына редакцияда жазылсын:  
«1. Заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған орган бұл туралы қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның кредиторларына жазбаша хабарлауға міндетті. Наразылық білдіру мерзімі кредитор хабарламаны алған сәттен бастап екі айдан кем болуы мүмкін емес.»;

6) 50-баптың 10-тармағы мына редакцияда жазылсын:  
«10. Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне бұл туралы мәліметтер енгізілгеннен кейін заңды тұлғаның таратылуы аяқталған, ал заңды тұлғаның әрекеті

тоқтатылған деп есептеледі.»;

7) 57-баптың 2-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«2. Банкрот – кәсіпорын Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығарылған сәттен бастап оның қызметі тоқтатылды деп есептеледі.»;

8) 58-баптың 5-тармағы алып тасталсын;

9) 59-баптың 2-тармағында:

екінші бөлігі мына редакцияда жазылсын:

«Шаруашылық серіктестікке қатысушы серіктестік мүлкіндегі өз үлесін, егер заңнамалық актілерде немесе құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, кепілге қоюға және (немесе) сатуға құқылы.»;

мына мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Егер шығып жатқан қатысушының серіктестіктің мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлесіне немесе оның бөлігіне құқығынан айыру (біреуге беру) шартының тарапы жеке тұлға болған жағдайда жеке тұлғаның қолының түпнұсқалығы нотариалдық куәландырылуы тиіс.».

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж. № 3, 32-құжат, № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1020-баптың 2-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«2. Заңды тұлғаның фирмалық атауы оның жарғысын бекіткен кезде айқындалады. Заңды тұлға белгілі бір фирмалық атаумен Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізіледі.».

3. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64,

68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжат; № 3, 20, 23-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-бап; № 24, 180-бап; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар, 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 15 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Заңы ) :

1) 357-4-бап мына редакцияда жазылсын:

«1. Заңнамада көзделген жағдайларда заңды тұлғаны, филиалды, өкілдікті қайта тіркемей қызметтерін жүзеге асыру, сондай-ақ тіркеуші органға заңды тұлғаның орналасқан жерінің өзгергені туралы уақытында хабарламау, – шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі

кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға, – бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Заңды тұлғаның Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінде көрсетілген мекенжай бойынша болмауы, – шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға, – бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

2) 541-баптың бірінші бөлігі мына редакцияда жазылсын:

«1. Мамандандырылған аудандық және соларға теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары, осы баптың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 79-1, 79-3, 79-4, 79-5, 79-6, 80-84, 85 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 85-1 (екінші бөлігінде), 85-2 (екінші бөлігінде), 85-3, 86, 86-1, 87-2, 87-3, 87-4, 87-5, 95-110-1, 124 (бірінші бөлігінде), 127, 129, 130, 136 - 136-2, 140 (екінші бөлігінде), 141-1, 143, 143-1, 144-1, 145, 146-1, 147, 147-1 (екінші бөлігінде), 147-10 (екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші бөліктерінде), 151, 151-1, 153, 154, 154-1, 155, 155-1 (төртінші бөлігінде), 155-2, 156, 157, 157-1, 158, 158-3, 158-4, 158-5, 159, 161 (бірінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 162, 163 (үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші және тоғызыншы бөліктерінде), 163-2, 163-3, 163-4, 163-6, 165, 167-1 (екінші және үшінші бөліктерінде), 168-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 168-3, 175 (екінші бөлігінде) (жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары, аудиторлар және аудиторлық ұйымдар жасаған құқық бұзушылық бөлігінде), 176 (бірінші бөлігінде), 177-3, 177-4, 177-5, 179, 179-1, 183, 184, 184-1, 185, 188 (екінші бөлігінде), 190, 192, 194, 200, 202, 203, 213 (төртінші-алтыншы бөліктерінде), 214, 218-1 (жетінші бөлігінде), 222-229, 231 (екінші бөлігінде), 232, 233, 234-1, 235 (екінші бөлігінде), 237, 237-1, 246 (екінші бөлігінде), 275-1, 278 (бірінші бөлігінде), 283 (бірінші, үшінші бөліктерінде), 298 (екінші, үшінші бөліктерінде) 298-1 (екінші бөлігінде), 302 (үшінші бөлігінде), 303 (екінші бөлігінде), 304 (екінші бөлігінде), 305 (екінші бөлігінде), 306 (екінші бөлігінде), 306-1 (үшінші бөлігінде), 306-2, 308, 309-1 (жетінші, сегізінші бөліктерінде), 309-2 (төртінші бөлігінде), 309-4 (сегізінші, тоғызыншы бөліктерінде), 311-1 (жетінші бөлігінде), 312-1, 314, 315, 316, 317 (екінші және үшінші бөліктерінде), 317-1, 317-2, 318, 319, 319-1, 320 (бірінші және 1-1-бөліктерінде), 321, 322 (үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 323 (екінші бөлігінде), 324 (екінші және үшінші бөліктерінде), 324-1, 326, 327 (бірінші бөлігінде), 328, 330, 330-1 (екінші бөлігінде), 332 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 335, 336 (үшінші бөлігінде), 336-1 (үшінші бөлігінде), 336-2 (үшінші бөлігінде), 338 (бірінші бөлігінде), 338-1, 339, 340, 342-344, 346-357, 357-1, 357-2 (екінші бөлігінде), 357-3, 357-4 (бірінші бөлігінде), 357-5, 357-6, 359, 361, 362, 362-1, 363, 365, 366, 368, 368-1, 369 (екінші бөлігінде), 370 (екінші бөлігінде), 371 (екінші

бөлігінде), 372-376, 381-1, 386 (үшінші бөлігінде), 388, 389-1, 390 (екінші бөлігінде), 391 (екінші бөлігінде), 391-1 (екінші және үшінші бөліктерінде), 393, 394 (екінші бөлігінде), 394-1, 396 (екінші бөлігінде), 400-1, 400-2, 405 (бірінші бөлігінде), 409, 410, 413, 413-1, 413-2, 414, 415, 417, 417-1, 418, 421, 423, 424, 425-1, 426-430, 433, 442, 443 (бесінші бөлігінде), 445, 446 (екінші бөлігінде), 446-1, 453 (екінші бөлігінде), 454 (бірінші-үшінші бөліктерінде), 461 (3-1-бөлігінде), 463-3 (бесінші бөлігінде), 464-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 465 (екінші бөлігінде), 466 (екінші бөлігінде), 467, 468 (бірінші және екінші бөліктерінде), 468-1, 468-2, 469, 471 (1-1, 1-2 және екінші бөліктерінде), 473 (үшінші бөлігінде), 474-1, 477 (үшінші бөлігінде), 484, 492 (екінші бөлігінде), 494 (екінші бөлігінде), 494-1 (үшінші және бесінші бөліктерінде), 496 (екінші бөлігінде), 501, 512-1-512-5, 513-518, 520-537-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

3) 570-баптың бірінші бөлігі мына редакцияда жазылсын:

«1. Салық қызметі органдары осы Кодекстің 88 (үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 88-1 (екінші, үшінші бөліктерінде), 163 (бірінші, екінші, бесінші және сегізінші бөліктерінде), 166, 205-212, 213 (бірінші-үшінші бөліктерінде), 215-218, 218-1 (бірінші-алтыншы, сегізінші бөліктерінде), 219, 357-2 (бірінші бөлігінде), 357-4 (екінші бөлігінде), 358, 358-1, 360-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

4) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында: отыз алтыншы абзац мына редакцияда жазылсын:

«әділет органдарының (129, 145, 168-3, 175 (екінші бөлігі) (осы бұзушылықтарды жекеше нотариустар жасаған кезде), 353, 354, 354-2, 354-3, 356, 357-1, 357-4 (бірінші бөлігі), 357-5, 357-6, 376-баптар);»;

қырық бесінші абзац мына редакцияда жазылсын:

«занды тұлғаларды, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу, бағалау қызметін реттеу, Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу мен құжаттандыру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның (157-1, 158 (Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасын бұзу бөлігінде), 356, 357-1, 357-4 (бірінші бөлігі), 376-баптар);».

4. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат;

№ 13, 114-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық аймақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы) :

47-баптың 3-тармағы екінші бөлігінің бесінші абзацы мына редакцияда жазылсын:

«заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы қоса беріледі.».

5. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

66-баптың 10-тармағының 2) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама;».

6. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжаттар; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық аймақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы) :

1) 78-баптың 4-тармағы 1) тармақшасының екінші абзацы мына редакцияда жазылсын :

«лизинг алушы Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес банкрот деп танылған және Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығарылған»;»;

2) 90-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«1) борышкер-заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген негіздер бойынша сот шешімімен таратылуына байланысты Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тасталған»;»;

3) 240-баптың 1-тармағының 2) тармақшасының бірінші бөлігі мына редакцияда жазылсын:

«банкрот деп танылған дебиторды Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығару туралы әділет органдарының шешімі шығарылған салық кезеңінде қосылған құн салығының сомасын осындай талаптар бойынша азайтуға құқығы бар.»;

4) 259-баптың 4-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«4. Қосылған құн салығын төлеуші – өнім беруші банкрот деп танылған жағдайда, осы баптың 1-тармағына сәйкес түзету жүргізілген қосылған құн салығын қоспағанда, бұрын есепке жатқызылған қосылған құн салығын есептен шығарып тастау банкрот деп танылған қосылған құн салығын төлеуші – өнім берушіні Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығару туралы әділет органдарының шешімі шығарылған салық кезеңінде жүргізіледі.»;

5) 263-баптың 5-тармағының 3) тармақшасының екінші абзацы мына редакцияда жазылсын:

«тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді берушілер немесе алушылар болып табылатын заңды тұлғаларға қатысты – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген атауы. Бұл ретте, ұйымдық-құқықтық нысанын көрсету бөлігінде қалыптасқан, оның ішінде іскерлік айналымдағы қалыптасуына сәйкес аббревиатуралар қолданылуы мүмкін»;»;

6) 456-баптың кестесіндегі 1.4 жол алып тасталсын;

7) 564-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«3) заңды тұлғаларды, олардың құрылымдық бөлімшелерін Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығарып тастау немесе заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерінің есептік тіркеуден шығарылуы»;»;

8) 571-баптың 8-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«8. Қосылған құн салығын төлеушіні банкроттық себебі бойынша таратқан кезде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тасталған немесе дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылған күннен бастап жүргізіледі.»;

9) 580-баптың 2-тармағы 1) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«1) Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығарылған жағдайда - осындай мәліметтерді алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде»;»;



10) 597-баптың 1) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«1) заңды тұлғаның, құрылымдық бөлімшенің дербес шоты – заңды тұлғаны Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығарған кезде және құрылымдық бөлімшені есептік тіркеуден алып тастаған кезде жүргізіледі.

Мұндай салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотын жабу уәкілетті мемлекеттік органның мәліметтері негізінде жүргізіледі;».

7. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2011 жылғы 15 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң З а ң ы ) :

174-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркелу туралы анықтама;».

8. «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» 2010 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 14, 70-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 11, 102 - қ ұ ж а т ) :

1) 27-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы;»;

2) 35-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы;»;

3) 142-баптың 4-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«4. Берешегі жоқ екендігі туралы анықтама, берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтама басшының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен және анықтаманы жасаған кеден органының мөрімен куәландырылады және ол берілген сәттен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде жарамды.».

9. «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 35-құжат; № 15 -16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 1, 180-құжат; № 14, 274-құжат; 1997 ж., № 12, 183-құжат; 1998 ж., № 5-6, 50 -құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 63, 64-құжаттар; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 1-құжат; № 8, 52-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 18 , 157-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; №

15, 95-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2009 ж. № 24, 122, 125-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2011 жылғы 15 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-бап мына редакцияда жазылсын:

«1-бап. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді е с е п т і к т і р к е у ұ ғ ы м ы

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексеруді, оларға бизнес-сәйкестендіру нөмірін бере отырып, мемлекеттік тіркеу туралы анықтама берілуін, заңды тұлғалар туралы мәліметтерді Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізуді қамтиды.

Филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу есептік тіркеуге ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкестігін тексеруді, оларға бизнес-сәйкестендіру нөмірін бере отырып, есептік тіркеу туралы анықтама берілуін, филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтерді Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізуді қамтиды.»;

2) 2-бап мына редакцияда жазылсын:

«2-бап. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеудің және филиалдар мен өкілдіктерді е с е п т і к т і р к е у д ің м а қ с а т т а р ы

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді е с е п т і к т і р к е у :

заңды тұлғаны құру, қайта тіркеу, құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу, қайта ұйымдастыру және тарату, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктерді құру, есептік қайта тіркеу, құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу және қызметін тоқтату фактісін куәландыру;

Қазақстан Республикасы аумағында құрылған, қайта тіркелген, қайта ұйымдастырылған және өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғаларды, сондай-ақ құрылған, есептік қайта тіркеуден өткен және өз қызметін тоқтатқан филиалдар мен өкілдіктерді е с е п к е а л у ;

Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жүргізу; заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы жалпы қол жетімді ақпаратты (қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпараттан басқасын) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте тарату мақсатында жүзеге асырылады.»;

3) 5-баптың үшінші абзацы мына редакцияда жазылсын:

«Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жүргізуді»;»;

4) 6-бап мына редакцияда жазылсын:

«6-бап. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тәртібі

Заңды тұлғаны тіркеу үшін тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш беріледі және оған осы Заңның 7-бабында көрсетілген, мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылып, үш данада берілетін құрылтай құжаттары қоса тапсырылады.

Акционерлік қоғамдар және олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғыларын (ережелерін) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің және олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғылары (ережелері) тіркеу барысында ұсынылмайды.

Заңды тұлғаны – Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушысын тіркеу үшін тіркеуші органға Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша өтініш беріледі. Заңды тұлғалар – Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушылары туралы мәліметтерді әділет органдары Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жіберген хабарламалар негізінде бірыңғай Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне е н г і з е д і .

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда қызмет мәні қаржылық қызмет көрсету болып табылатын заңды тұлғаны тіркеу үшін қосымша қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты талап етіледі.

Тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын олар аффилиирлеген тұлғаларды, мұндай құру Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган монополияға қарсы органның алдын-ала келісімімен жүзеге асырады. Монополияға қарсы орган тіркеуші органдарға тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің тізілімін және мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және монополияға қарсы органның келісімі бойынша құрылған олармен аффилиирлеген тұлғалардың тізбесін т а б ы с е т е д і .

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тіркеу кезінде өтінішке құрылтайшы немесе құрылтайшылардың біреуі не шетелдік тұлға, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе мемлекеттік органдар не Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жалғыз құрылтайшы болатын жағдайларда, құрылтайшының уәкілеттік берген адамы қол қояды және оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте

куәландырылған құрылтай құжаттарын қоса тіркей отырып, тіркеу органына береді.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаларды тіркеу кезінде өтінішке құрылтайшы (құрылтайшылар) не оған уәкілеттік берілген адам қол қояды және оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте куәландырылған құрылтай құжаттарын қоса тіркей отырып, тіркеу органына береді.

Шетелдік қатысуы бар заңды тұлғаларды тіркеу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын тіркеу үшін белгіленген тәртіпте жүргізіледі. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, осы тәртіпте көзделген құжаттардан басқа, қосымша:

сауда тізілімінен заңдастырылған үзінді-көшірме немесе құрылтайшы – шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын басқа да заңдастырылған құжат мемлекеттік және орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасымен қоса;

құрылтайшының – шетелдік жеке тұлға паспортының көшірмесі немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжат мемлекеттік және орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасымен қоса табыс етілуі тиіс.

Қоғамдық және діни бірлестіктерді тіркеу «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Саяси партиялар туралы», «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы бапта белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Тіркеуші органға бір мезгілде заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуден өткізу үшін бюджетке алым төлегенін растайтын құжат немесе түбіртек ұсынылады.

Осы Заңда және өзге заңнамалық актілерінде көзделгеннен басқа қандай да болсын құжаттар мен мәліметтерді талап етуге тыйым салынады.

Заңды тұлғаларды тіркеу уәкілетті орган белгілейтін тәртіпте Интернет желісі арқылы берілген электрондық өтініш негізінде жүргізілуі мүмкін.»;

5) 6-1-бап мына редакцияда жазылсын:

«6-1-бап. Филиал мен өкілдікті есептік тіркеу тәртібі

Филиал мен өкілдікті есептік тіркеу үшін тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш беріледі. Өтінішке филиалды немесе өкілдікті құрушы заңды тұлға уәкілеттік берген адам қол қояды және заңды тұлғаның мөрімен бекітіледі.

Өтінішке филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын құжат қоса беріледі.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалардың, оның ішінде акционерлік қоғамдардың филиалдары мен өкілдіктері үшін қосымша заңды тұлға бекіткен, мемлекеттік және орыс тілдерінде, үш данада филиал (өкілдік) туралы ереженің, жарғының (ереженің) және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы

анықтаманың көшірмелері, филиал (өкілдік) басшысына берілген заңды тұлғаның ( қоғамдық және діни бірлестіктерді қоспағанда) сенімхаты ұсынылады.

Шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу Қазақстан Республикасы жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаларының филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте жүргізіледі. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, осы тәртіпте көзделген құжаттардан басқа, сауда тізілімінің заңдастырылған үзінді көшірмесін, құрылтай құжаттарын немесе филиал (өкілдік) құратын шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын растайтын шетелдік заңды тұлғаның басқа да заңдастырылған құжаты, сондай-ақ салық тіркеуінің, (немесе оның баламасының) нөмірін көрсете отырып, шетелдік заңды тұлға инкорпорациясы еліндегі салық тіркеуін растайтын құжатты қосымша ұсынуы тиіс. Филиал (өкілдік) құратын шетелдік заңды тұлғаның құжаттары нотариалды куәландырылған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі а у д а р м а м е н ұ с ы н ы л а д ы .

Мемлекеттік кәсіпорын филиал (өкілдік) құрған кезде мемлекеттік мүлік жөніндегі (жергілікті атқарушы органның) уәкілетті органның филиал құруға берген келісімін растайтын құжаты қосымша ұсынылады.»;

б) мына мазмұндағы 6-2-баппен толықтырылсын:

«6-2-бап. Қайта ұйымдастыру жолымен құрылатын заңды тұлғаны тіркеу

Қайта ұйымдастыру жолымен құрылатын заңды тұлғаны тіркеу үшін тіркеуші о р г а н ғ а :

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша ө т і н і ш ;

2) заңды тұлғаның мөрімен бекітілген уәкілетті органның заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы шешімі;

3) қосу, біріктіру, қайта құру кезінде – табыстау актісі, бөліну, бөлініп шығу кезінде – заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған орган бекіткен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқорлық туралы ереже көрсетілген бөліну балансы және заңды тұлғаның уәкілетті органының табыстау актісі мен бөліну балансын бекіту туралы шешімі;

4) кредиторларды заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылғаны туралы жазбаша хабардар еткенін растайтын құжат;

5) қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның қызметін тоқтатқаны үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат табыс етіледі.

Қосылу нысанындағы қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда, заңды тұлға қайтадан пайда болған заңды тұлғаларды тіркеген сәттен бастап қайта ұйымдастырылған деп есептеледі.

Қосу, бөліну, қайта құру кезінде өз қызметін тоқтатқан заңды тұлға Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығарылуы тиіс (Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығару, оған заңды тұлғаның қызметін тоқтатқаны туралы мәлімет енгізу арқылы жүргізіледі), ол туралы қайтадан құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы бұйрықта көрсетіледі.

Біріктіру кезінде өз қызметін тоқтатқан заңды тұлға Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығарылуы тиіс (Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығару оған заңды тұлғаның қызметін тоқтатқаны туралы жазба енгізу арқылы жүргізіледі), ол туралы Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығару туралы бұйрықта не қосылатын заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қайта тіркеу, тіркеу кезінде көрсетіледі.

Қайта құру нысанында қайта ұйымдастыру жолымен құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу қайта ұйымдастыру нәтижесінде қызметін тоқтататын заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.

Қосу нысанында қайта ұйымдастыру жолымен құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғалардың біреуінің орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.

Бөліну нысанында қайта ұйымдастыру жолымен құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу қайта ұйымдастыру нәтижесінде қызметін тоқтататын заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.

Бөлініп шығу нысанында қайта ұйымдастыру жолымен құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу заңды тұлға бөлініп шығатын заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.

Біріккен заңды тұлғаның қызметін тоқтатқанын мемлекеттік тіркеуді бірігетін заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша тіркеуші орган жүзеге асырады.

Акционерлік қоғамды қайта құру, қосу, біріктіру және бөлу кезінде тіркеуші органға акционерлік қоғам акциялары шығарылымының күші жойылғандығы туралы куәлік қосымша ұсынылады.

Заңды тұлғаны бөлініп шығу нысанында қайта ұйымдастырған кезде заңды тұлғаның қызметін тоқтату жүргізілмейді.

Заңды тұлғаны оған басқа заңды тұлғаны біріктіру арқылы қайта ұйымдастырған кезде, оның алғашқысы біріктірілген заңды тұлғаның қызметін тоқтатқаны туралы жазба Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген сәттен бастап қайта ұйымдастырылған деп есептеледі.

Табиғи монополия субъектілерін қайта ұйымдастыру кезінде тіркеуші органға табиғи монополиялар мен реттелетін нарықтар саласында басшылық жасайтын уәкілетті органның келісімі беріледі.

Заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру жолымен құрылатын заңды тұлғаны

мемлекеттік тіркеу осы Заңның 9-бабында көзделген мерзімдерде жүргізіледі.»;

7) 7-бап мына редакцияда жазылсын:  
«7-бап. Заңды тұлғалардың құрылтай құжаттары

Құрылтай шарты және жарғы акционерлік қоғамдардың құрылтай құжаттары болып табылады.

Бір адам (бір қатысушы) құратын акционерлік қоғамдардың, жарғы, ереже не жазбаша түрде ресімделген заңды тұлғаны құру туралы шешім (жалғыз құрылтайшының шешімі) құрылтай құжаттары болып табылады.

Коммерциялық ұйымдар болып табылмайтын заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда, осы түрдегі ұйымдар туралы жалпы ереже негізінде іс-қимыл жасай алады.

Шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға өз қызметін мазмұнын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін үлгі жарғының негізінде жүзеге асыра алады.

Егер заңды тұлғаның құрылтайшылары өз қызметін үлгі жарғының негізінде жүзеге асыруға шешім қабылдаған жағдайда, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу процесінде жарғыны ұсыну талап етілмейді.

Бұл ретте, тіркеуші органдарға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайда нотариалды тәртіпте куәландырылған өтініштің үш данасы табыс етіледі.» ;

8) 9-бап мына редакцияда жазылсын:

«9-бап. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу (қайта тіркеу) мен құжаттарды беру мерзімдері

Акционерлік қоғамдарды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу, сондай-ақ заңды тұлғаларды - Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу қажетті құжаттарды қоса отырып, өтініш берген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс.

Саяси партияларды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын ұйымдардың, құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды сондай-ақ акционерлік қоғамдардың мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу), қажетті құжаттарды қоса отырып, өтініш берген күннен кейінгі он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілу тиіс.

Мемлекеттік (есептік) тіркеу, қайта тіркеу туралы анықтаманы беру, сондай-ақ жарғыны (ережені) не өз қызметін үлгі жарғы, ереже негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, филиалды, өкілдікті мемлекеттік есептік тіркеу туралы өтінішті қайтарып беру:

акционерлік қоғамдарды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілерін, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне қажетті құжаттарын қоса отырып, өтініш бергеннен кейінгі келесі жұмыс күні жүргізіледі;

саяси партияларды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын ұйымдарды, сондай-ақ, акционерлік қоғамдарды, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне қажетті құжаттарды қоса отырып, өтініш берген күннен бастап он төрт жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған, онда кемшіліктер болған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысын алу қажет болған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша мемлекеттік (есептік) тіркеу, қайта тіркеу, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептен шығару анықталған кемшіліктерді жойғанға дейін немесе тиісті қорытындысын (сараптаманың) алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Саяси партияларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттар қоса беріле отырып, өтініш берілген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей жүргізілуі тиіс.»;

9) 10-бап мына редакцияда жазылсын:

«10-бап. Мемлекеттік (есептік) тіркеуге (қайта тіркеуге) және қызметін тоқтатуға а қ ы т ө л е у

Заңды тұлғаларды және олардың филиалдары мен өкілдіктерін құруды және қызметін тоқтатуды мемлекеттік (есептік) тіркеу, оларды қайта тіркеу кезінде Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіпте алым алынады.»;

10) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«11-бап. Заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік (есептік) тіркеуден және қайта тіркеуден, тіркеуден б а с т а р т у

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген заңды тұлғаны, филиал мен өкілдікті құру және қайта ұйымдастыру, құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды қайта тіркеу және тіркеудің тәртібін бұзу, құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес келмеуі, табыстау актісін немесе бөлу балансын ұсынбау не оларда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқықтық мирасқорлығы туралы ережелердің болмауы, не заңды тұлға болып табылатын құрылтайшыда және (немесе) қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғада бір айлық есептік көрсеткіштен астам салық берешегінің болуы, сондай-ақ егер заңды тұлға іс-әрекет етпейтін заңды тұлға болса және (немесе) заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) іс-әрекет етпейтін заңды тұлға болса және (немесе) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) жетекшісі іс-әрекет етпейтін заңды тұлғалардың құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) жетекшілері



болса және (немесе) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген және (немесе) хабарсыз кеткен деп танылса және (немесе) қайтыс болған және (немесе) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 192, 216, 217-баптары бойынша қылмыс жасағаны үшін сотталса және (немесе) жеке басты куәландыратын жоғалған және (немесе) жарамсыз құжаттар ұсынылса, сондай-ақ соттардың, сот орындаушыларының, құқық қорғау органдарының шешімдері (тыйым салуы, қамауға алуы) болған жағдайларда, тіркеу әрекеттерінен бас тартуға әкеп соғады.»;

11) 12-бап мына редакцияда жазылсын:

«12-бап. Мемлекеттік (есептік) тіркеу немесе қайта тіркеуді куәландыратын құжат Заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің) жүргізілген мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) фактісін растайтын құжат Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысан бойынша уәкілетті орган берген анықтама болып табылады.

Мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама тіркеуші орган, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, тіркеу (қайта тіркеу) күні, заңды тұлғаның, филиал мен өкілдіктің атауы (оның ішінде филиал мен өкілдікті құрушы заңды тұлғаның атауы) және басқа да заңнамаға сәйкес мәліметтерді қамтиды.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) немесе филиалды және өкілдікті есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама табыс етілген жағдайда ғана банкте шот ашылуы мүмкін.

Шаруашылық субъектісін мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензия алуды талап ететін қызметті бастау үшін негіз болып табылмайды. Заңды тұлғаның лицензияланатын қызмет саласындағы құқықтық қабілеті тиісті лицензияны алған сәттен бастап пайда болады және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен оның қолданылуы тоқтатылған немесе жарамсыз деп танылған кезінен бастап тоқтатылады.»;

12) 14-бап мына редакцияда жазылсын:

«14-бап. Заңды тұлғаны қайта тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік қайта тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қайта тіркелуі тиіс.

Бұл ретте тіркеуші органға: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі белгілеген үлгідегі өтініш, заңды тұлғаның уәкілетті органының жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын ұйымдар, сондай-ақ, акционерлік қоғамдар үшін көзделген мемлекеттік қайта тіркеу туралы шешімі не оның үзінді көшірмесі, құрылтай құжаттарға заңды тұлғаның мөрімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізу енгізілген өзгерістері бар құрылтай құжаттары, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төлегенін растайтын құжат табыс етіледі.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын ұйымдарды, сондай-ақ, акционерлік қоғамдарды қайта тіркеу үшін тіркеуші органға енгізілген өзгерістері бар құрылтай

құжаттары және бұрынғы құрылтай құжаттарының түпнұсқалары қосымша ұсынылады.

Шаруашылық серіктестігі қатысушыларының тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы жүзеге асыратын шаруашылық серіктестіктерді қоспағанда, қатысушылар құрамының өзгеру негіздемесі бойынша шаруашылық серіктестіктерін қайта тіркеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және құрылтай құжаттарына сәйкес шығып кететін қатысушының мүліктегі (жарғылық капиталдағы) үлеске құқығы оның иелігінен шығарылғанын (басқа біреуге берілгенін) растайтын құжат ұсынылады.

Егер шығып кететін қатысушының серіктестіктің мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлесіне немесе оның бір бөлігіне құқығының иелігінен шығару (басқа біреуге беру) шартының тараптарының бірі жеке тұлға болса, онда жеке тұлғаның қолының түпнұсқалығы нотариалды куәландырылуы тиіс.

Табиғи монополия субъектілерін қайта тіркеу үшін табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның келісімі талап етіледі; тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын олар аффилиирлеген тұлғаларды, мұндай құру Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, қайта тіркеу үшін монополияға қарсы органның келісімі талап етіледі.

Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісінше Қазақстан Республикасының банк заңнамасында, Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында және Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Филиалдар мен өкілдіктер атауы өзгерген жағдайда қайта тіркелуі тиіс.»;

13) мына мазмұндағы 14-1-баппен толықтырылсын:

«14-1-бап. Коммерциялық емес ұйымдардың жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын ұйымдардың, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы ережені тіркеу

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын ұйымдардың, сондай-ақ, акционерлік қоғамдардың құрылтай құжаттарына, олардың филиалдар (өкілдіктер) туралы ережесін мемлекеттік (есептік) қайта тіркеуге әкеп соқпайтын өзгерістер мен толықтырулар

енгізілген жағдайда, заңды тұлға, филиал (өкілдік) жарғыға (ережеге) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бір ай мерзімде тіркеуші  
о р г а н ғ а х а б а р л а й д ы .

Хабарламаға заңды тұлғаның мөрімен бекітілген заңды тұлғаның уәкілетті органының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімі не шешімінен үзінді көшірмені, сондай-ақ, заңды тұлғаның мөрімен бекітілген жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын ұйымдардың, сондай-ақ, акционерлік қоғамдардың құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың, олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) ережелерінің мәтіні қоса беріледі.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын ұйымдардың, сондай-ақ, акционерлік қоғамдардың құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу орналасқан жерін ауыстырған жағдайда, сондай-ақ жарғысын (ережесін) жаңа редакцияда қабылдаған  
ж а ғ д а й л а р д а ж ү р г і з і л е д і .

Қайта тіркеуге әкеп соқпайтын жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын ұйымдардың, сондай-ақ, акционерлік қоғамдардың құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу үшін тіркеуші органға: Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген үлгі бойынша өтініш; заңды тұлғаның уәкілетті органының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы мөрмен бекітілген шешімі не шешімінен үзінді-көшірмесі; қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда, заңды тұлғаның мөрімен бекітілген жаңа редакциядағы құрылтай құжаттары ретінде рәсімделген, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулардың екі данасы; бұрынғы құрылтай құжаттарының түпнұсқалары (мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, жаңа орналасқан жерін (орналасқан жерін өзгерткен жағдайда) растайтын құжат табыс  
е т і л е д і .

Акционерлік қоғамдар, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын ұйымдардың заңды мекенжайы өзгерген кезде, заңды тұлға, филиал (өкілдік) орналасқан жерін өзгерту туралы шешімді қабылдаған күннен бір ай мерзімде жаңа орналасқан жері бойынша тіркеуші органды  
х а б а р д а р е т е д і . » ;

14) 15-бап мына редакцияда жазылсын:

«15-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын ұйымдардың, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғысының ( е р е ж е с і н і ң ) т е л н ұ с қ а с ы н б е р у

Тіркеуші орган заңды тұлғаның өтініші бойынша үш жұмыс күні ішінде жарғының ( е р е ж е н і ң ) т е л н ұ с қ а с ы н б е р е д і .

Жарғының (ереженің) телнұсқасын беру үшін мынадай құжаттар:

1 ) ө т і н і ш ;

2) заңды тұлғаның уәкілетті органының заңды тұлғаның мөрімен бекітілген заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің) жарғысының (ережесінің) телнұсқасын алу туралы ш е ш і м і ( ү з і н д і с і ) ;

3) жарғының (ереженің) түпнұсқасының жоғалғаны туралы ақпараттың мерзімді баспа басылымында жарияланғанын растайтын құжат табыс етіледі.»;

15) 16-бап мына редакцияда жазылсын:

«16-бап. Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркеу

Заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асырушы орган заңды тұлғаны тарату туралы шешімді алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тарату тәртібінің сақталуын тексереді.

Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркеу үшін тарату негіздемесі бойынша:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша таратуды тіркеу туралы өтініш;

2) заңды тұлғаның мөрімен бекітілген заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның не оған құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген заңды тұлға органының шешімі;

3) заңды тұлғаның таратылуы, кредиторлар қойған наразылықтарды мәлімдеудің тәртібі мен мерзімдері туралы ақпараттың орталық әділет органының баспасөз басылымдарында жарияланғанын растайтын құжат;

4) кедендік баждар, салықтар және кедендік алымдар бойынша берешектерінің жоқ екендігі туралы анықтамасы;

5) акция шығарылымдарының (акционерлік қоғамдар үшін) күші жойылғандығы туралы уәкілетті органның хабарламасы;

б) заңды тұлғаның мөрін жою туралы құжат;

7) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төлегенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат табыс е т і л е д і .

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын ұйымдардың, сондай-ақ, акционерлік қоғамдардың қызметінің тоқтатылуын тіркеу үшін қосымша құрылтай құжаттары ұ с ы н ы л а д ы .

Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркеу туралы өтініш тіркеуші органға заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ө т к е н с о ң ұ с ы н ы л а д ы .

Сот шешімі бойынша таратылған заңды тұлғаның қызметінің тоқтатылуын тіркеу сот шешімі және тарату іс жүргізуінің аяқталғаны туралы сот ұйғарымы негізінде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Егер тексеру барысында таратудың белгіленген тәртібін бұзу анықталмаса, тіркеуші орган заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын қажетті құжаттарды қоса берілген өтініш берген күннен кейінгі бес күнтізбелік күн ішінде тіркейді. Табиғи монополия субъектісі

қызметінің тоқтатылуын тіркеуді тіркеуші орган табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның алдын ала келісімімен жүзеге асырады.

Заңды тұлғаны таратудың заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібін бұзу анықталған, сондай-ақ таратылатын заңды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктері болған, салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі болғаны анықталған жағдайда, тіркеуші орган қызметтің тоқтатылуын тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарады.

Заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны туралы Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне мәліметтер енгізілгеннен кейін ол өзінің қызметін тоқтатқан болып е с е п т е л е д і . » ;

16) 16-1-бап мына редакцияда жазылсын:

«16-1-бап. Заңды тұлғаның филиалы мен өкілдігін есептік тіркеуден шығару

Филиал (өкілдік) филиалдың (өкілдіктің) қызметін тоқтату туралы заңды тұлғаның өтініші, заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелгені және филиалдар мен өкілдіктердің есептік тіркелгені үшін алым төлегенін растайтын түбіртегі немесе құжаты негізінде е с е п т е н ш ы ғ а р ы л у ы т и і с .

Шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) бойынша осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттарға қоса салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы а н ы қ т а м а т а б ы с е т і л е д і .

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын ұйымдардың, сондай-ақ, акционерлік қоғамдардың филиалдарының (өкілдіктерінің) қызметін тоқтатылуын тіркеу үшін қ о с ы м ш а е р е ж е с і ұ с ы н ы л а д ы .

Заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығару қажетті құжаттарды қоса отырып, өтініш берген күннен кейінгі бес күнтізбелік күн ішінде ж ү р г і з і л е д і .

Соттың шешімі бойынша таратылған заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуден шығару осындай шешімнің негізінде:

- жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын ұйымдардың, сондай-ақ, акционерлік қоғамдардың филиалы (өкілдік) туралы ережесін;

- заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін алым төленгенін растайтын түбіртекті немесе құжатты қоса отырып ж ү р г і з і л е д і .

Заңнамалық актілерде белгіленген заңды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктерінің қызметін тоқтату тәртібін бұзу анықталған кезде, сондай-ақ, салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі болған жағдайда , тіркеуші орган филиалдың, өкілдіктің қызметін тоқтатуды тіркеуден бас тарту туралы ш е ш і м ш ы ғ а р а д ы . » .

10. «Шаруашылық серіктестіктері туралы» 1995 жылғы 2 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 7, 49-құжат; № 15-16, 109-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 12, 183,184-құжаттар; № 13-14, 205, 210-құжаттар; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 24, 178-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 56-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23, 43-құжаттар; 2011 ж. № 6, 50 - құжат ) :

1 ) 4 - б а п т а :

6 - тармағы алып тасталсын;

13-тармақтың бірінші бөлігі мына редакцияда жазылсын:

«13. Шаруашылық серіктестіктерді мемлекеттік тіркеу заңнамада белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады. Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміндегі шаруашылық серіктестіктер туралы деректерді заңды тұлғаларды тіркейтін органдар ресми баспасөзде ұдайы жариялап тұруы тиіс.»;

2) 7-баптың 4-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«4. Егер арнаулы заңнамалық актілерде немесе құрылтай құжаттарда өзгеше көзделмеген болса, шаруашылық серіктестігінің қатысушысының серіктестік мүлкіндегі өз үлесін кепілге салуға және (немесе) сатуға құқығы бар. Егер шығып жатқан қатысушының мүліктегі (жарғылық капиталдағы) үлеске немесе оның бір бөлігіне құқығының иеліктен шығарылғаны (басқаға берілгені) туралы шарттың тараптарының бірі жеке тұлға болып табылса, онда жеке тұлғаның қолының түпнұсқасы нотариалды куәландырылуы тиіс.»;

3) 8-2-баптың 2- тармағының 4) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

4) шаруашылық серіктестігін заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама ;

4 ) 9 - б а п т а :

2-тармағының екінші бөлігі мына редакцияда жазылсын:

«Шаруашылық серіктестігі қайта ұйымдастырылған кезде серіктестіктің құжаттарына және Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне қажетті өзгерістер енгізіледі, ал таратылған кезде – Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне тиісті мәліметтер жазылады.»;

9-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«9. Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне ол туралы мәліметтер енгізілген сәттен бастап тарату аяқталған, ал шаруашылық серіктестік өз қызметін тоқтатқан деп саналады.» .

11. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 11-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат):

26-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«3) өтініш берушінің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өткені туралы анықтаманы және жарғының нотариалды куәландырған көшірмесін;».

12. «Өрт қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 18, 368-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 1999 ж., № 20, 728-құжат; № 23, 931-құжат; 2000 ж., № 6, 142-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 14, 112-құжат; № 24, 177-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 13, 67-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат):

25-2-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«3) ұйымды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасын;».

13. «Банкроттық туралы» 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 1-2, 7-құжат; № 13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 14, 198-құжат; № 17-18, 225-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 4, 26-құжат; № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 57-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 13, 86-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14, 18-құжаттар; № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 9-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

1) 88-бапта:

3-тармақ мына редакцияда жазылсын:

«3. Бұл туралы Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне – заңды тұлғалар бойынша;

Дара кәсіпкерлердің мемлекеттік тіркелімдеріне – дара кәсіпкерлер бойынша мәліметтер енгізілген соң, борышкердің таратылуы аяқталды, ал борышкер жұмыс істеуін тоқтатты деп есептеледі.»;

4-тармақ мына редакцияда жазылсын:

«4. Борышкерді Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тастау туралы бұйрықтарды заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдар сотқа және уәкілетті органға, сондай-ақ борышкердің тұрған жері бойынша салық органына жібереді.»;

2) 92-баптың 1-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«1. Егер заңды тұлға тек банкроттық тәртібімен таратылуға тиісті болатын мән-жайлардың болуына қарамастан, меншік иесі, құрылтайшылар (қатысушылар), тарату комиссиясы борышкерді банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінбесе және заңды тұлғаны таратуды жүзеге асырса, барлық кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандырмау заңды тұлғаның тоқтатылуы туралы Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне мәліметтерді енгізуден бас тартуға негіз болып табылады.»;

3) 95-баптың 3-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«3. Борышкер конкурстық басқарушының қорытынды есебін бекіту туралы сот ұйғарымының негізінде борышкер қызметінің тоқтатылғандығы туралы Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне және дара кәсіпкерлердің мемлекеттік тіркелімдеріне мәліметтер енгізілген сәттен бастап таратылды деп есептеледі, бұл таратылған борышкердің кредиторлар алдындағы берешегін есептен шығару үшін негіз болып табылады.».

14. «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 8, 84-құжат; 1999 ж., № 13, 431-құжат; № 23, 921-құжат; 2001 ж., № 15-16, 228-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 17, 101-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 15, 106, 108-құжаттар; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы);

44-баптың 7-тармағы мына редакцияда жазылсын:



«7. Тіркелген кооперативке Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында белгіленген мерзімде мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы а н ы қ т а м а б е р і л е д і . » .

15. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 5-6, 49-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 24, 178-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 5, 43-құжат; № 6 , 5 0 - қ ұ ж а т ) :

1) 5-баптың 2-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік өзінің орналасқан жерін ауыстырған кезде, қажетті өзгерістерді Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізу үшін, мемлекеттік тіркеуді жүргізген және заңды тұлғаларды серіктестіктің жаңа мекенжайы бойынша мемлекеттік тіркеуді жүргізетін органды хабардар етуге міндетті.»;

2 ) 1 7 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

4 және 5-тармақтар алып тасталсын;

6-тармақ мына редакцияда жазылсын:

«6. Серіктестік өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің Үлгі жарғысының негізінде жүзеге асыруға қ ұ қ ы л ы . » ;

3) 18-баптың 2 және 3-тармақтары алып тасталсын;

4 ) 1 9 - б а п т а :

3-тармақ мына редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік тіркеу деректері, соның ішінде, фирмалық атауы, жарғылық капиталдың мөлшері, құрылтайшылар құрамы мен атқару органдары, оның орналасқан жері туралы мәліметтер жалпыға танысу үшін ашық, Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне кіреді және серіктестіктің коммерциялық құпиясын қ ұ р а м а й д ы . » ;

4-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

4-1-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

5-тармақ мына редакцияда жазылсын:

«5. Серіктестік құрылтайшылары өз қызметін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің Үлгі жарғысы негізінде жүзеге асыруға шешім қабылдаған жағдайда ( осы Заңның 17-бабының 6-тармағы), тіркеуші органдарға Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі бекіткен үлгі бойынша өтініш ұсынылады.»;

5) 20-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы алып тасталсын;

6) 29-баптың 2-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушы өз қалауы бойынша сол серіктестіктің бір немесе бірнеше қатысушысына серіктестік мүлкіндегі өз үлесін немесе оның бір бөлігін сатуға немесе басқа жолмен беруге құқылы. Серіктестік қатысушысы серіктестіктің басқа қатысушысы алдындағы өз міндеттемесін қамтамасыз ету үшін үлесін кепілге беруге құқылы. Бұл мәмілелерді жасауға серіктестіктің немесе басқа қатысушылардың келісімі талап етілмейді. Алайда, егер серіктестіктің құрылтай құжаттарында осы Заңның 28-бабының 3-тармағында аталған шарттар көзделсе, бұл шарттар үлесті беру кезінде сақталуы тиіс.

Егер шығып жатқан қатысушының мүліктегі (жарғылық капиталдағы) үлесіне немесе оның бір бөлігіне құқығының иеліктен шығарылғаны (басқаға берілгені) туралы шарттар тараптарының бірі жеке тұлға болса, онда жеке тұлғаның қолының түпнұсқалығы нотариалды куәландырылуы тиіс.».

16. «Қазақстан Республикасындағы селолық тұтыну кооперациясы туралы» 1999 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж. № 21, 770-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 9 ,

6 7 - қ ұ ж а т ) :

1) 6-баптың 2-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«2. Селолық тұтыну кооперативі өзінің орналасқан жерін өзгерткен жағдайда кооператив Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне қажетті өзгерістер енгізу үшін, кооперативтің жаңадан орналасқан жері бойынша заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға бұл жайында хабарлауға міндетті.»;

2) 13-баптың 3-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«3. Үшінші тұлғалармен қатынастарда кооператив пен оның мүшелері кооперативті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган осы баптың 2-тармағында көзделген хабарламаны алған кезден бастап не сот шешімінің негізінде Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне өзгерістер енгізілген сәттен бастап он бес күн өткен соң кооператив жарғысындағы өзгерістерге сілтеме жасауға құқылы. Алайда үшінші тұлғалар аталған мән-жайлар болғанға және мерзімдер басталғанға дейін де бұл өзгерістерді ескере отырып іс-әрекет жасауға құқылы.»;

3) 60-баптың 5-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«5. Қосып алу және бөліп шығару нысанындағы қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда, қайта ұйымдастыруға қатысушы селолық тұтыну кооперативтері жаңадан пайда болған селолық тұтыну кооперативтері мемлекеттік тіркелген сәттен бастап жұмысын тоқтатады және Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығарылады .

Қосып алынатын кооператив оның басқа кооперативке қосылуы тіркелген сәттен бастап жұмысын тоқтатады және Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен

ш ы ғ а р ы л а д ы . » .

17. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 771-құжат; 2001 ж., № 10, 122-құжат; 2003 ж., № 24, 175-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 12, 77-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 7-құжат; № 15-16, 74-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 22, 130-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат):

11-баптың 1-тармағының 7) тармақшасының төртінші абзацы мына редакцияда ж а з ы л с ы н :

«заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасы және құрылтай құжаттарының нотариалды түрде куәландырылған к ө ш і р м е с і ; » ;

18. «Күзет қызметі туралы» 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 14-15, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 34-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 12, 51-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж. № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат):

10-баптың 2-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«2. Жеке күзет ұйымы күзет қызметін заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың, жарғының және күзет қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияның негізінде жүзеге асырады.» .

19. «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 22, 406-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; 2005 ж., № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж.№ 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжат; № 8, 52-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат ; № 20, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат) :

1) 27-баптың 2 тармағының 4) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«4) құрылтайшылар-заңды тұлғалар туралы мәліметтер (ондай құрылтайшылар болған жағдайда), оған заңды тұлға ретінде олардың мемлекеттік тіркеуден өткені туралы анықтамасы; нотариалды куәландырған құрылтай құжаттарының көшірмесі; аяқталған соңғы екі қаржы жылының аудиторлық ұйым растаған қаржылық есептілігі, құжаттар табыс ету алдындағы соңғы тоқсанның аяғындағы бухгалтерлік баланс және пайдалар мен шығындар туралы есеп қамтылады;»;

2 ) 3 7 - б а п т а :

1-тармақтың 3) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасын;»:

8-тармақтың 3) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«2) мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы және салық төлеуші туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін;»;

3) 84-баптың 2-тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасын;».

20. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 1, 8-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; № 10, 56-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж. № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; 2011 жылғы 15 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Заңы):

1 ) 2 5 - б а п т а :

3-тармақтың екінші бөлігі мына редакцияда жазылсын:

«Коммерциялық емес ұйымға басқа ұйымды біріктіру нысанында оны қайта ұйымдастыру кезінде олардың алғашқысы Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне біріктірілген ұйымдардың қызметін тоқтату туралы жазба енгізілген сәттен бастап қайта ұйымдастырылған болып есептеледі.»;

4-тармақ мына редакцияда жазылсын:

4. Қайта ұйымдастыру нәтижесінде жаңадан пайда болған ұйымды (ұйымдарды) мемлекеттік тіркеу және Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне қайта ұйымдастырылған ұйымның (ұйымдардың) қызметін тоқтату туралы жазба енгізу заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заңнамада белгіленген тәртіпте жүзеге а с ы р ы л а д ы . » ;

2) 29-бап мына редакцияда жазылсын:

«29-бап. Коммерциялық емес ұйымды таратудың аяқталуы

Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне тиісті мәліметтер енгізілгеннен кейін коммерциялық емес ұйымның таратылуы аяқталған, ал коммерциялық емес ұйымның жұмыс істеуі тоқтатылған болып есептеледі.».

21. «Тұтыну кооперативі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж. № 10, 138-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж. № 9, 67-құжат):

1) 5-баптың 3-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«3. Тұтыну кооперативі өзінің орналасқан жерін өзгерткен жағдайда бұл жайында Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне қажетті өзгерістер енгізу үшін

кооперативтің жаңадан орналасқан жерінде заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға хабарлауға міндетті.»;

2) 11-баптың 5-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«5. Үшінші тұлғаларға қатысты тұтыну кооперативі мен оның мүшелері мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган осы баптың 4-тармағында көзделген хабарламаны алған кезден бастап он бес күн өткен соң не сот шешімінің негізінде өзгерістер мен толықтырулар Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген сәттен бастап жарғыдағы өзгерістер мен толықтыруларға сілтеме жасауға құқылы. Алайда үшінші тұлғалар аталған мән-жайлар болғанға және мерзімдер басталғанға дейін де бұл өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып іс-әрекет ж а с а у ғ а қ ұ қ ы л ы . » ;

3) 39-баптың 5-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«5. Қосып алу және бөліп шығару нысанындағы қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда, қайта ұйымдастыруға қатысушы тұтыну кооперативтері жаңадан пайда болған тұтыну кооперативтері мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап өз қызметтерін тоқтатады және Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығарылады. Қосып алынатын тұтыну кооперативі оның басқа тұтыну кооперативіне қосылуы тіркелген сәттен бастап өз қызметін тоқтатады және Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығарылады.».

22. «Әділет органдары туралы» 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 6, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 18, 143-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 15-16, 75-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 128-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 24, 145, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халыққа қызмет көрсету орталықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы ) :

18-баптың 2-тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«2) Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу, сондай-ақ Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін және филиалдар мен өкілдіктердің тізілімін жүргізу;».

23. «Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» 2002 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 7-8, 77-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 9, 44-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):  
14-13-баптың 2-тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«2. Аттестаттау үшін ұйым өнеркәсіп саласын және жүзеге асырылатын қызметтің түрін көрсете отырып, ұйым жарғысының нотариалды куәландырылған көшірмесімен, ұйымның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы анықтаманың көшірмесімен, ұйымның өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы сараптамалық қорытындымен қоса өтініш ұсынады.».

24. «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 15 шілдедегі Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 16, 153-құжат; 2005 ж. № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2009 ж., № 2-3, 6-құжат) :

15-баптың 2-тармағының 3-тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«3) Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілетін мәліметтер көлемінде тіркеуші органға тұрақты жұмыс істейтін органның орналасқан жері өзгергені туралы және өз басшылары туралы деректерді хабарлауға;».

25. «Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 1-2, 4-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж. № 4, 28-құжат., 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж. № 2-3, 18-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

19-баптың 1-тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама;».

26. «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 10, 55-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат ; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 4, 28, 33-құжаттар; № 9, 67-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 2, 21-құжат; № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат):

80-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

4) қоғамның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы анықтама ;

27. «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 11, 63-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; 2006 ж., № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; № 24, 134-құжат; № 5, 23-құжат; 2010 ж., № 17-18, 112-құжат) :

9-баптың 2-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«2. Өтініш беруші Қордың акцияларын сатып алу және қатысу шартын жасасу үшін Қорға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасы;
- 2) ҚР 2010.03.19 № 258-IV Заңымен алып тасталды.
- 3) нотариалды куәландырылған жарғының көшірмесі.».

28. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 119-құжат; 2004 ж., № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне исламдық қаржыландыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

- 1) 11-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы мына редакцияда жазылсын: «4) акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасы;»;
- 2) 12-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мына редакцияда жазылсын: «5) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы анықтамасын;»

3) 30-1-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының екінші бөлігі мына редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Уәкілетті орган облигацияларды жою үшін қажетті құжаттарды ұсынбастан, Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінде тарату туралы мәлімет қамтылған эмитенттердің облигациялары шығарылымын жою туралы шешім қ а б ы л д а у ғ а қ ұ қ ы л ы . » .

29. «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 87-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 18, 143-құжат; № 19, 149-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж. № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат):

- 9-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мына редакцияда жазылсын: «2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасын;».

30. «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13

маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 11, 38-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 13-14, 63-құжат; 2010 ж. № 15, 71-құжат):

1) 10-баптың 4) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:  
«4) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені туралы анықтама (заңды тұлғалар үшін);  
»

2) 29-баптың 6-тармағының 4) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:  
«4) мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (заңды тұлғалар үшін);».

31. «Жеке кәсіпкерлік туралы» 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 3, 21-құжат; № 16, 99-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 17, 136-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 60-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 18, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 11-12, 54-құжат; № 15-16, 74, 77-құжаттар; № 17, 82-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат; № 15, 71-құжат; № 22, 128-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 26-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат):

1) 11 - б а п т а :

8 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

мына мазмұндағы 12-тармақпен толықтырылсын:

«12. Заңды тұлға туралы жалпыға ортақ ақпаратқа заңды тұлғаның атауы, оның тіркелген күні, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды мекенжайы, негізгі қызмет түрлері мен басшысы туралы мәліметтер жатады.».

32. «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы» 2006 жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 10, 51-құжат; 2007 ж., № 17, 141-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат):

1) 1-баптың екінші бөлігі мына редакцияда жазылсын:

«Құрылтай және басқа да құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкестігін тексеру, бизнес-сәйкестендіру нөмірі беріле отырып, мемлекеттік тіркеу және Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің бірыңғай Ұлттық тізіліміне мәліметтер берілуі туралы анықтама беру рәсімі қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу деп түсініледі.».

2) 6-баптың 1) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, салық төлеушінің куәлігін беру;»;

3) 11-баптың 1) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«1) уәкілетті орган берген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға не қаржы орталығының қатысушы ретінде аккредиттеу туралы куәлігіне;».



33. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 14, 90-құжат; 2007 ж. № 2, 18-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат) :

6-баптың 2-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«2. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның депозиторларға кепілдік берілген өтемді төлеу жөніндегі міндеттемелері Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату туралы мәлімет енгізілген күннен бастап бір жыл өткеннен кейін, бірақ қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап кем дегенде бес жылдан кейін ғана тоқтатылуға жатады.».

34. «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 10-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 9-10, 47-құжат; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 17, 79, 81, 82-құжаттар; № 18, 84, 85-құжаттар; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21, 26-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2011 жылғы 15 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 8-баптың 2) тармақшасы екінші бөлігінің алтыншы абзацы мына редакцияда жазылсын :

«заңды тұлға үшін – заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері, оны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың нөмірі және берілген күні;»;

2) 42-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«2) заңды тұлға үшін – жарғының көшірмесі (экспорт және импорт операцияларын қоспағанда) (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырған) және өтініш берушінің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы анықтама; » ;

35. «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 3, 19-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2010 ж., № 17-18, 101-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат):

1) 1-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«2) Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімі – құрылған және қызметін тоқтатқан заңды тұлғалар (филиалдар мен өкілдіктер), қызметін бірлескен кәсіпкерлік

түрінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер туралы деректерді есепке алу және сақтауға, берілген бизнес-сәйкестендіру нөмірлері туралы деректерді қалыптастыруға және сақтауға арналған ақпараттық жүйе;»;

2) 9-баптың 4-тармағында:

2) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«2) резидент заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), филиалды, өкілдікті есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;»;

3) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«3) Қазақстан Республикасында қызметін филиалдар мен өкілдіктер арқылы (тұрақты мекеме құра отырып) жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар үшін – филиалды, өкілдікті есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;»;

3) 11-баптың 2-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«2. Жалпыға ортақ ақпаратты қоспағанда, жеке немесе заңды тұлғаға қатысты ақпаратты жеке немесе заңды тұлғаның жазбаша келісімінсіз басқа тұлғаға беруге болмайды.

Жеке және заңды тұлғалар туралы жалпыға ортақ ақпараттың тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалады.».

36. «Мақта саласын дамыту туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 130-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

20-баптың 3-тармағының 5) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«5) мақта иесінің атауын: жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (ол бар болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауын; мақта иесінің орналасқан жерін: жеке тұлғаның тұрғылықты жерін немесе заңды тұлғаның орналасқан жерін; жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірін немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың нөмірін; салық төлеуші мақта иесінің тіркеу нөмірін;».

37. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 23, 113-құжат; 2009 ж., № 13-14, 63-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 101-құжат; № 22, 132-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық аймақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

13-баптың үшінші абзацы мына редакцияда жазылсын:

«1) борышкер заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген негіздер бойынша сот шешімімен таратылуына байланысты Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тасталған;».

38. «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 5, 22-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат):

8-баптың 4-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«4. Уәкілетті орган қалыптастыратын деректер қорындағы мынадай мәліметтер:

1) дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе заңды тұлғаның а т а у ы ;

2) экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы бойынша экономикалық қ ы з м е т т ү р і ;

3) кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы сыныптауышы бойынша коды;

4) бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

5) әкімшілік-аумақтық объектілердің сыныптауышы бойынша коды;

6) кәсіпорынның жұмыспен қамтылғандар саны жөніндегі мөлшерлік сыныптауышы бойынша коды құпия болып табылмайды.».

39. «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халыққа қызмет көрсету орталықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 ж., 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 ж., 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 15 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

188-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«2) заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы және жарғысының нотариалды куәландырған көшірмесін;».

40. 2011 жылғы 30 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2011

17-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:  
«2) жеке тұлға үшін – өтініш берушіні дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі немесе заңды тұлға үшін – ұйымды мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы және ұйым жарғысының нотариалды куәландырған көшірмесі;».

41. 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңына:

10-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:  
«2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;».

## 2 - б а п .

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі аяқталғанға дейін жарамды болып табылады және заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға теңестіріледі.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Президенті*